



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АБУ ДАБИДІН ТАҚ МҰРАГЕРІ ХАЛЕД БЕН МҰХАММЕД ӘЛ НАХАЯНМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды.

Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-нің елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді.

Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық



шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, бүгін қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері

Энергетика және инфрақұрылым министрлігі арасында автокөлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Өділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

3. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Masdar компаниясы арасында Қазақстан Республикасында 2 мың МВт-қа дейін қуат сақтау жүйесі және 500 МВт-қа дейін тәуліктік энергиямен қамту жобаларын әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

4. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат

қоры» АҚ мен AIQ арасында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім;

5. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Abu Dhabi Commercial Bank арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Presight компаниясы арасында Қазақстан Республикасында суперкомпьютер кластерін құру жөніндегі келісім;

7. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Abu Dhabi Ports Group арасындағы сауда флотын кеңейту бойынша ынтымақтастықты дамытуға қатысты хаттама;

8. «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIQ арасында мұнай-газ саласын цифрландыру бағытындағы ықпалдастық мәселелері бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім;

9. Түркістан облысы әкімдігі мен Абу Дабидің Тақ мұрагері арасында Түркістан қаласында шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян атындағы перзентхана құрылысын салу және қаржыландыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Terminals Astana Airport Limited арасында Астана қаласының Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен оған іргелес аумақты дамытуға инвестиция салу туралы келісім;

Бұдан бөлек, құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады



Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қабылдауға алғаш болып кірген Кербұлақ ауданының тұрғыны К.Мүлкібаева өзінің заңсыз жұмыстан шығарылғанына шағымданып, сотқа арыз бергенін айтты.

Алайда, істі қараған сот оның арызын қанағаттандырудан бас тартқан, апелляциялық сотта да ол жеңіліс тапқан. Бұл мәселе бойынша облыс әкімі сотпен шешілетін дауларға араласу әкімдіктің құзырына кірмейтінін айтты.

Мұнан соң қабылдауға келген алматылық тұрғын Ж.Бурабаева Жетісу облысының дамытуға қатысты бірнеше мәселені жеткізді.

Айтылған мәселелерге қатысты нақты жауап берген Бейбіт Исабаев өңірді дамытуға бағытталған шаралар кезең-кезеңімен қабылданып жатқанын және бұл жұмыстар әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес атқарылатынын айтты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотограф: Жәніс ЫСҚАБАЙ.

Жетісу облысында егіс науқаны аяқталуға жақын

Жетісу облысында егіс науқаны аяқталуға жақын. Жоспарланған жаздық дақылдардың 91,5%, қант қызылшасының 12,1 мың гектары себілді. Қант қызылшасын себу 15 мамырда, дәнді дақылдар 1 маусымға дейін толығымен аяқталады деп күтілуде. Көктемгі дала жұмыстарына 20,6 мың бірлік ауылшаруашылығы техникасы тартылған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биылғы жылға арзандатылған дизель отынының бекітілген көлемі 5,5 мың тонна болса, оның 3,2 мыңы облысқа жеткізілді. Сол сияқты жоспарланған 58,8 мың тонна тыңайтқыштың 44,8 мың тоннасы сатып алынып, қолданылуда.

- Көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау науқанына Аграрлық несие корпорациясы



арқылы 14,3 млрд.теңге бөлінді, бүгінгі таңда 5,1 млрд. теңгесі 198 шаруашылыққа берілді. Ал, вегетациялық кезең туралы айтсақ, егінге су беру жұмыстары басталды. Суаруға 1 млрд. текше

метрі су беріледі деп жоспарлап отырмыз. Биыл шегіртке тектес зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 114,8 мың га жерде жүргізіледі. Бұл өңдеу жұмыстары бүгіннен басталды. Жалпы оған 5 әуе ұшағы, 4 дрон және 17 бірлік жер үсті бүріккіштері жұмылдырылады, шоғырланған жерлерін анықтау жұмыстарына 204 адам және 79 автокөлік тартылады. Оған республикалық және жергілікті бюджеттен биыл 455,8 млн. теңге бөлінген, - дейді Жетісу облысының ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев.

Атап өтсек, биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы - 510,7 мың гектар.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Жәніс ЫСҚАБАЙ.



Жетісу облысында газдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр — тұрғындардың 70% — дан астамы газбен қамтылады



2030 жылға дейінгі «Жетісу облысын кешенді газдандыру» өңірлік схемасы аясында аймақтағы 358 елді - мекеннің 192-сіне табиғи отын жеткізу

көзделіп отыр. Қазіргі таңда 84 ауылға инфрақұрылым тартылып, бұл жалпы жоспардың 58,2%-ын құрап отыр. Нәтижесінде 400 мыңнан астам



адам (101,8 мың абонент) өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік алды.

Президент тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы тағы 42 елді - мекенге көгілдір отын беріледі деп жоспарланған. Осы мақсатта республикалық және жергілікті бюджеттерден жалпы сомасы 7,9 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде 21 жоба - 2024 жылдан өтпелі. Қоғалы ауылынан басқа барлық нысанда жұмыстар аяқталды. Бұл елді - мекенде газ құбырының 80 шақырымынан 35 шақырымы тартылды.

24 жаңа жоба бойынша 3,5 млрд. теңге игерілді, алдағы уақытта тағы 18 жобаның құрылысы басталмақ. Бұл жұмыстардың жалпы құны - 15,9 млрд. теңге. Аталған жобаларды аяқтау үшін Энергетика министрілігі қосымша 25,6 млрд. теңгеге бюджет өтінімін жолдады. Атқарылып жатқан шаралардың нәтижесінде Жетісу облысында көгілдір отынға қосылатын елді мекендердің саны 126-ға жетіп, қамту деңгейі 71,4%-ды құрайтын болады. Бұл - 500 мыңнан астам тұрғынның тұрмыстық жағдайын жақсарту деген сөз.

Сонымен қатар, қазіргі схемаға енген тағы 22 ауыл бойынша жобалық - сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Анықтама үшін: 2022 - 2024 жылдар аралығында республика көлемінде 371,1 млрд. теңге бөлініп, 14 мың шақырымнан астам газ құбыры тартылды. Елдегі газдандыру деңгейі 62,4%-ға жетіп, табиғи отынмен қамтылған халық саны 11 млн.-нан 12,6 млн. адамға артты.

Жетісу облысында "GREENSTEPPE" экологиялық акциясы өтті



«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Текелі қаласында жастардың қатысуымен «GreenSteppe» атты экологиялық акциясы өтті. Іс-шараның мақсаты — экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру және жастарды экологиялық

бастамаларға белсенді түрде тарту. Бағдарлама аясында қаланың туристер жиі баратын табиғи аумақтарында қоқыс уақыт - уақытымен жиналып, негізгі демалыс орындары мен маршруттар қамтылды. Акция барысында жоспарлы түрде бірнеше аумақты тазалауды көздеген.

- Бүгін біз маңызды әрі мағыналы шарада бас қосып отырмыз. «GreenSteppe» экологиялық акциясы - бұл тек табиғатты тазарту ғана емес, сонымен қатар жастардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған бастама. Өрбір белсенділік - бұл Жетісудың экологиялық болашағына қосқан үлес, - Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы.

Жыл басынан бері Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жоспарланған барлық іс-шаралар белсенді түрде өткізілуде. Жалпы сенбіліктер мен экологиялық акцияларға 17 мыңнан астам адам қатысып, 295 техника жұмылдырылды, 1 209 тонна қоқыс шығарылды, 132 саябақ пен сквер тазартылып, 17 мыңнан астам қылқанжапырақты және жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.

«JETISY JASTARY» КММ ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТТЕР БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛДЫ.

БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің және оның аумақтық департаменттерінің қызметінің басым бағыттарының бірі - Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу барысында олардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Осыған орай, Департамент тарапынан мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізу және азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері талданады.

Аталған жұмыс мемлекеттік қызметтер көрсету барысында туындайтын мәселелерді анықтап, оларды жоюға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы бағытта, жұмыс шеңберінде мемлекеттік қызмет алушының өтінішін қарау барысында «Сауда - саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі мен тәртібінің бұзылғаны анықталды.

Өтінішті қарау нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, екі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 465-бабының 1-бөлігіне сәйкес бір әкімшілік іс қозғалды.

Аталғанының негізінде, Егер Сіз мемлекеттік қызметтерді алу барысында кедергілер мен бюрократиялық қиындықтарға тап болсаңыз, Департаментке жүгінуге құқылысыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІң ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.

АСА ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕС ШЕГІРТКЕ



Ауылшаруашылығы дақылдарының, шабындықтардың, жайылымдардың ең қауіпті зиянкестері шегіртке болып табылады. Қазақстанда шегірткелердің көп түрі мен түр тармақтары мекендейді, олардың ішінде ең қауіпті түрлері итальяндық, азиялық, марокколық шегірткелер, саяқ шегірткелердің бірнеше түрі. Ал, біздің ауданымызда итальяндық, азиялық, саяқ шегірткелер кездеседі. Жаппай көбею кезеңдерінде шегірткелер басқа зиянкестерден келетін зиян мен шығынды салыстыруға келмейтіндей қирау тудыруы мүмкін. Оның көлемі шаршы метрге бірнеше жүздеген, тіпті мыңдаған данаға жетеді. Шегірткелердің жаппай көбеюінің ошақтары 7-10 жыл сайын кезеңді түрде қайталанатын.

Зиянды түрлердің даму динамизмі, олардың сыртқы түрі мен ауыл шаруашылығы дақылдарының вегетациялық кезіндегі зияндылығы арасындағы уақыт айырмашылығы ұйымдық - экономикалық және агротехникалық әдістерге, күрестің биологиялық әдістерін енгізуге, пестицидтерді ұтымды пайдалануға жоғары талаптар қояды, зияндылықтың экономикалық шектеріне негізделген. Зиянкестердің санын азай-

ту үшін күресудің әртүрлі әдістері бар (механикалық, агротехникалық, химиялық және т.б.)

2025 жылға Ақсу ауданы бойынша жергілікті қаржы есебінен саяқ шегіртке қарсы 4875 га (2500 га ұшақпен, 2375 га жер үстімен). Ал, Италияндық шегіртке қарсы 7000 га (4500 га ұшақпен, 2500 га жер үстімен). Азиялық шегірткеге ұшақпен 1540 га өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Шегіртке зиянкестерінің көбеюінің негізгі себептері - биологиялық өрлеу, өңдеу ережелерінің бұзылуы және соңғы жылдардағы қуаңшылық, яғни, климаттың өзгеруі. Сондай-ақ, агротехнологияларды, өсімдіктерді қорғауды ұйымдастыру сақтамауға әкеп соғатын жерді пайдалану сипатының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің экономикалық тұрақсыздығы жағдайының өзгеруі және аса қауіпті егістік ауыспалы егістің маңызды егістіктерінің қорытындылары.

Бұл мыңдаған гектар біркелкі емес тыңайған алқаптардың пайда болуына әкелді, бұл итальяндық шегірткенің және кейбір ең зиянды шегіртке түрлерінің дамуы мен қоныс аударуына ерекше қолайлы жағдай жасады. Осыған байланысты бұрын ауыспалы егістен алынып тасталған

алқаптарды игеру, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясын, мониторингті ұйымдастыру мен аса қауіпті зиянкестермен күресу әдістерін жетілдіру қажет.

Өсімдік қорғау инспекторы және Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы филиалының мамандары бірлесе жыл сайын зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл жауапкершілігі ауыр, аса қатты мән беріп жұмыс жасауды қажет етеді. Бұл шегіртке елімізде алты ай қысында өлмей, көктем мезгілінде өсіп, жетіліп дамиды. Уақытылы өңдеу жүргізілмесе, мыңдаған жерге жұмыртқа салып, көктемде жер бетіне жаппай шығып, саны көбейіп, егістіктер мен жайылымдарға жер бетіне зор зиян келтіреді.

Сондықтан аса қауіпті зиянкестердің жер бетіне жаппай шығуы анықталған жағдайда өз ауылдық округтеріңізге қарасты әкімшілікке немесе аудандық инспекциясына тел.: 2-00-32 хабарлауларыңызды сұраймыз.

Е.УМУРЗАҚОВ,
аудандық аумақтық
инспекциясының өсімдік қорғау
инспекторы

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні!



7 мамыр - Отан қорғаушылар күні. Тарихтағы әрбір даңқты күндер секілді бұл мерекеміздің өзіндік сыры жетерлік.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап ел күнтізбесінде жаңа мемлекеттік мерекелер пайда болды. Солардың бірі - ел аумағы мен оның тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери күштердің - Отан қорғаушылардың кәсіби мерекесі болып табылады.

Бұл күн - елдің қауіпсіздігі мен оны қорғауды, сондай-ақ, тәуелсіздікке қауіп төнген сәтте кез - келген сыртқы агрессиядан қорғап, бейбіт өмірді қамтамасыз ете алатын барлық әскери қызметшілер мен тыл қызметкерлеріне арналған. Осыған орай, ел тұрғындары барлық ер - азаматтарды осы атаулы күнмен құттықтайды. Отан қорғаушылар күні - «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы» Заңында

көрсетілген тоғыз ресми мерекенің қатарына кіретін мемлекеттік мереке. Сонымен бірге атаулы күннің қоғамдық - саяси мәні бар.

Бүгінде Отан қорғаушылар күні қазақстандықтар үшін маңызды, айтулы және сүйікті мерекесіне, ал, қарулы күштер бейбіт күннің символына айналды. Отан қорғаушылар күнін атап өту ерекшеліктері мен оған қатысты салт - дәстүрлер ҚР Қарулы күштері құрылған күннен бастап, елде жыл сайын мерекеге орай түрлі іс - шаралар өтеді.

Біздің ауданымызда да осы мерекеге орай ауданда «Қобызшы Молықбай» атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар азаматтар мен азаматшаларды арнайы «Алғыс хаттармен» марапаттады.

Мерекенің салтанатты жиыны аяқталған соң ары қарай аудан өнерпаздарының концертіне ұласты.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.



Ерлікке тағзым



Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр. Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп әнекей жағада тұр - деген өлең жолдары кешегі батырларымыздың бүгінде арамызда жоқтығының дәлелі сияқты. Қазіргі жастарға қарияларды сыйлауға, құрметтеуге үндеп тұрған керемет туынды. Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл. Ұлы Отан соғысына аттанған жерлестеріміздің қаншамасы майдан даласында қалды. Елге аман - есен оралғандардың өзі елімізге еңбегін сіңіріп, өмірден адал азамат, батыр баба ретінде өз іздерін қалдырып, бұл күнде өмірден озып кетті.

Сол кезде «Барлығы майдан үшін» деген ұранмен тылда еңбек еткен шейіттей балалар мен асыл аналарымыздың өзі қатарлары сиреп, алды 80 - 90 жасқа келіп отыр.

9 мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аудан орталығында зор салтанатпен аталып өтті. Шара алдымен 1941-1945 жылдары ҰОС-да құрбан

болғандарға арналған зәулім ескерткіш, Даңқ обелискісіне гүл шоқтарын қоюдан басталып, орталық алаңда жалғасын тапты.

Аудан өнерпаздарының мерекелік концертті жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Сахналық қойылымның басында тыныштық күннен басталып ерлердің майданға аттануы, Ұрыс даласындағы соғыс, соңында Ұлы Жеңіске жетіп, ерлердің елге оралуы барлығы өсем әннің сүйемелдеуімен - ақ халықтың санасына ауа болып кіріп, жүректерін езгенін көзімізбен көрдік.

Әркім өз рөлін әсерлі орындағаны соншалық, шынымен соғысқа аттанып бара жатқандай әсер береді екен.

Гүл шоғын қойып келгеннен кейін, орталық алаңда жалғасқан мерекелік шараны ауыл тұрғындары қозғалмай тамашалады. Иә, көзбен көріп, жүректен сезіну құлақпен естіп, санада жаңғырту керемет әсер береді ғой.

Мен алғаш жұмысқа келген 2007 жылдары 1941 - 1945 Обелискісіне оннан аса ардагерлер жиналып, әңгімелерін айтушы еді. Қазір олардың бірі де жоқ ардагерді Жасұлан Кітапханов қолдан сомдап, соғыстың әңгімесін сыбырлап айтып отырғандай әсер алды көпшілік.

Ербол СЫМХАНОВ.

АРДАҚТЫ АНА, АЯУЛЫ ӘЖЕ, ТЫЛ АРДАГЕРІ



1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы бейбіт қаншама отбасын бақытсыздыққа душар етті. Осынау зұлмат жылдарда майдан мен тылда аянбай еңбек еткен ата - әжелеріміз жеңісті жақындатуға үлес қосты. Елде қалып, соғысқа бармаса да тыл майданында «Жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл ардагерлері қатары да жыл өткен сайын сиреп барады. Міне, сондай тыл ардагерінің бірегейі Алтынарық ауылында тұратын Кульбаева Кульзира Андабекқызы. Өмір жолы сұрапыл соғыс кезінде балғын балалықты қызықтамай, жастайынан еңбекке араласқан аналармен бірге егін орып, басқа да ауыр жұмыстармен басталған тыл және еңбек ардагері бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған аяулы ана, ардақты әже. Кейіннен Баспасөз саласында



бұрынғы "Өмір нұры" газетінде, Қапал аудандық газетінде, "Сарқан" газетінде қызмет жасаған журналистика саласының да ардагері. Жақында Ел Президентінің Жарлығымен "Ұлы Жеңістің 80 жылдығы" медалімен марапатталды.

Ардагер апамызды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және Аналар күнімен құттықтап барып қайттық.

Ардақты ана, аяулы әже біздің іздеп барғанымызға балаша қуанып, ақ батасын берді.

Халқымызда «Өткенге - құрмет, бүгінге - өнеге» деген қанатты сөз бар. Ендеше, сол өнегені көрсетіп, өткеннің естелігін тыңдап, анамызға құрмет көрсетсек бұл жастарға үлгі болары анық.

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.

Алтынарық ауылы.

АТА ҰЛДЫ, АНА ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ



Қуат Терібаев атындағы орта мектебінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған "Ұлы Жеңіс - ұрпаққа аманат" атты әдеби - сазды, әсерлі кешті 6-сынып оқушыларымен сынып жетекшісі: Ғалия Жүнісбекова, кітапханашылар - Айгүл Қырқарбекова мен З.Бапышева ұйымдастырды.

Сондай - ақ, мамыр айының екінші жексенбісі "Аналар күні" болып бекітілген. Бұл мерекенің маңыздылығы өте көп. Отбасы институтын нығайтуға, ана мәртебесін көтеруге бағытталған.

"Әлемнің көптеген елінде отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы және білім институтын нығайту мақсатында аталып

өтетін ресми мереке Аналар күні мен Әкелер күні біздің елімізде де бекітілді", - деп жазылған Қазақстан Үкіметінің 2023 жылғы мәлімдемесінде. Әрине, анадан асқан құдірет жоқ. Сондықтан халқымыз "Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді", - дейді.

Мектебімізде Аналар кеңесі жұмыс жасайды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және Аналар күніне байланысты өткен шараға ауылымыздың ең үлкен әжесі, мемлекет басшысының атынан "80 жылдық" төсбелгі таққан, тыл ардагері Баянова Әбуғайша апамызды шақырдық.

Апамыз оқушыларға Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиыншылықтар мен соғыстан кейінгі ауыр жұмыстарға өздері сияқты бала кезінен араласқандығы туралы тәлімді әңгімелер айтып берсе, оқушылар апамызға арнап өз өнерлерін көрсетіп, сый құрмет жасады.

Ғалия ЖҮНІСБЕКОВА, 6-сынып жетекшісі.

Бәбіков Оразиман атамызға арналған ескерткіш тақтайша ашылды



Қаракөз ауылының тұрғындары ауылымызда Ұлы Отан соғысының ардагері, жерлесіміз Бәбіков Оразиман атамыздың ерлігін мәңгі есте қалдыру мақсатында ескерткіш тақтайша орнатты. Бұл игі іс ауыл халқының бастамасымен жүзеге асты.

Оразиман Бәбіков - 1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан, майдан даласында ерлік көрсетіп, елге аман оралған ардагер. Соғыстан кейінгі жылдары туған ауылында еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосқан.

Ескерткіш тақтайшаның ашылу салтанатына ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары мен жергілікті билік өкілдері, батыр ұрпақтары қатысты.

Шара барысында ардагердің өмір жолы мен ерлігі туралы естеліктер айтылып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында арнайы бағдарламалар ұсынылды.

Бұл бастама - ауыл халқының өз тарихына деген құрметінің, өткенге тағзымының айқын көрінісі. Ескерткіш тақтайша - болашақ ұрпаққа үлгі - өнеге, елін сүйген ерлердің есімін ұмытпауға шақырады.

Оразиман Бәбіковтің ерлігі - қаракөздіктер үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан халқы үшін қастерлі қазына. Ескерткіш тақтайша орнату арқылы Ұрпаққа батырлық пен адалдықтың үлгісі көрсетіледі. Тарихи шежіре сақталады және әскери - патриоттық тәрбие нығая түседі деген ойдамыз.

Гүлбахар ЕРКІН, Кеңғарын ауылдық клубының меңгерушісі.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖАҒАЛЫҚ БОЛҒАН - ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ ӨЛЕҢІНЕ - 100 ЖЫЛ!

ЖЕР ТАППАН ЖЕРГЕ ЖЕТЕР ЖЕТІСУЫМ

ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ



тобылғы, бауырқұрт, қараған, бозқараған, шеңгел, шілік және т.б.

Шөп түрлері – 50: еңлік, түйеқұйрық, сарықүйік, тауқонақ, шайшөп, маңқа, құлынембес, сүттіген, мейіз, киізкиік, көкмарал, бетеге, балдырған, у қорғасын, атқұлақ, жалбыз, меңдуана, шырмауық, кендір, жуа, рауғаш, қалақай, жыланқияқ, т.б.

«Жетісу жәндігі» бөлімінде 28 түрлі аң мен құс, жәндік аталады: арқар, тышқан, сілеусін, аю, бұғы, бұлғын, жанат, таутеке, ителгі, бүркіт, үкі, тоқылдақ, көбелек, тағы басқа. Сонымен қатар, «Жетісуда су суреті» бөлімінде Ыстықкөл, Балқаш көлдері, Шу, Іле, Шелек, Көксу, Қаратал, Күркілдек өзендерінің аты аталады.

Шынында да, Жетісу тақырыбында қалам тербеген ақындар аз емес. Алайда, Ілияс Жансүгіровтың ақындық қуаты эпикалық тыныспен ерекшеленіп, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де, 1925 жылы жарық көрген «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін Мұхтар Әуезовтың: «Мен Ілиястың шын ақындығына ден қойдым» деуі бекер емес. Бұл – туған жерге деген шексіз махаббаттың, оның табиғатын ардақтаудың, оны барша әлемге танытудың айқын көрінісі. Сонымен қатар, бұл өлең арқылы ақынды географ, биолог, эколог, тарихшы, өлкетанушы, жаратылыстанушы, этнограф ретінде тани алатынымызды айта кеткен жөн.

Қорытындылай келе, биыл қазақ поэзиясының алтын қорына енген «Жетісу суреттері» өлеңінің жарық көргеніне 100 жыл толып отыр. Бұл өлең – туған жерге деген сүйіспеншілік пен оны терең сезіне білудің жарқын үлгісі. Ілияс Жансүгіровтің бұл шығармасы оқырманды туған өлкенің табиғатын сүйе, оны қорғауға және құрметтеуге шақырады. Оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі ұмытылмай, кейінгі ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Тілге тиек етіп, алдыңғы жылы музей қызметкерлері Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңінің желісі бойынша жасалған Жетісу жерінің көркем жерлері, өзен-көлдері, жан-жануарлары мен өсімдіктеріне арналған пост-карталар дайындап, байқауда «Үздік жоба» номинациясын жеңіп алғанын қуана хабарлаймыз.

Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.



Ерлік ешқашан ұмытылмайды, тарих оны мәңгі сақтайды

Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Бұл – тек күнтізбедегі дата емес, ұлт жадына мәңгі жазылған тарихи белес.

Майданға Қазақстаннан қаншама адам аттанды. Олардың арасында біздің ақсулықтар да бар. Жерлестеріміз Н.Есеболатов пен Есмұрат Сикымов Кеңес Одағының Батыры атағын алды, мыңдаған сарбаз майдан даласында көз жұмды.

Соғыс жылдарында Қазақстан тыл тірегіне айналды. «Барлығы майдан үшін» ұранымен әйелдер, қарттар, жасөспірімдер күндіз - түні еңбек етіп, майданға көмектесті. Өрбір отбасы сол ауыр жылдардың салмағын сезінді.

Мемлекет бұл тарихи шындықты ұмытпай, ұрпақ жадында жаңғырту үшін жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Биыл елімізде Жеңістің 80 жылдығына орай естелік кештер, мұражай көрмелері мен арнайы жобалар ұйымдастырылып жатыр. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген қағида бүгінде нақты іспен дәлелденіп келеді.

Ұлы Жеңіс – тек өткеннің емес, болашақтың да бағдары. Ол бізге бейбіт өмірдің, татулық пен тұрақтылықтың қадірін түсінуді үйретеді. Ардагерлер аманат еткен ел мен жерді көздің қарашығындай сақтау – бүгінгі ұрпақтың ең басты міндеті.

І.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану музейінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ерлік ешқашан ұмытылмайды, тарих оны мәңгі сақтайды» тақырыбында экспозициялық



комплекс безендірілді. Сонымен қатар «Отты жылдар естелігі» тақырыбында көрме құрылып көрермен назарына ұсынылды. Көрмеде соғыс жылдарындағы тылдың маңызды рөлін айқындайтын фотожұттар ұсынылған. Экспозиция жұмыс күші мен ресурстардың жетіспеушілігіне қарамастан, тылдың майдандағы Жеңіске қосқан зор үлесін бейнелейді.

Көрменің басты мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі мен батырлығын көрсету, халқымыздың фашизмге қарсы күрестегі үлесін тарихи тұрғыдан сақтау.

Бұл көрме – тарихты адамдардың тағдырлары арқылы тануға мүмкіндік береді. Батырлардың өмір жолы мен ерліктері жалпыұлттық мұрамыздың ажырамас бөлігіне айналған. Өрбір жәдігер – Ұлы Жеңіс тарихымен тығыз байланысқан өмірдің бір көрінісі, тұтас тағдыр.

Көрмені Ақсу ауданы бойынша мектеп оқушылары тамашалауда. Шара жылдың соңына дейін жалғасады.

Гүлдана МЕРЕЕВА,
І.Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі.

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес



Биыл адамзат баласы тарихында терең із қалдырған, 1418 күнге созылған сұрапыл соғыстың Жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл күн батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен қайсарлықтың символы. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. 9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады.

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген қасиетті күн.

Осы күн қарсаңында «Қарасу негізі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «80 жыл - Ұлы жеңіске!» тақырыбында салтанатты жиын болып өтті. Жиынға соғыс ардагерлерінің ұрпақтары мен зейнеткер ұстаздар құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Жиыннан бұрын ауыдың ортасына «Ерлік өлмейді – ер ұмытылмайды» атты тақта ілінді. Отан үшін жан қиған Еңбек ауылынан шыққан ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып Отансүйгіштікке, елжанды патриоттық сезімде тәрбиелеу.

Мектеп директоры Мұхтар Сағадиевтың құттықтау сөзінен кейін, жұым ұстаздарының орындауындағы хормен басталған жиын мектеп оқушыларының ән-биімен жалғасын тапты. Жоғары сы-

нық оқушыларының ұйымдастыруымен өткізілген «Жылдар жылнамасы» - атты музыкалық монтаж көрерменнің жанарына жас үйірді.

Жеңіс күні - бұл бабаларымыздың ерлігі мен батырлық даңқы айшықталатын күн екенін жас ұрпақ бойына сіңіру біздің міндет. Отан үшін жанқиярлық ерлік көрсеткен жаужүрек қаһарман бабаларымыздың ерлігін естен шығаруға болмайды. 9 мамыр күні - қайсарлықтың, қайтпас рух пен жалынды жігердің хас үлгісін көрсеткен барша соғыс және тыл ардагерлерінің алдында тағзым етуге тиіспіз. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын!

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанның сүйеге, елінің жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бүгінгі күні рухы алдында бас иемін! Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Мұхтар САҒАДИЕВ,
«Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ директоры.

Ұлы ақын А.Құнанбайұлының туғанына - 180 жыл!

Ұлылардың ұлысы - Абай



Абай Құнанбаев қазақтар арасында орыс және еуропалық мәдениеттің таралуына өз үлесін қосқан.

Абайдың дүниетанымының қалыптасуына гуманистік идеяларды ұстанған шығыс ақындары мен ғалымдары (Фирдауси, Әлішер Науаи, Низами, Физули, Ибн Сина және басқалары), сонымен қатар орыс классиктерінің шығармалары және солар арқылы жалпы Еуропа әдебиеті әсер етті. Крыловтың, Лермонтовтың, Пушкиннің, Гете мен Байронның шығармаларын аударған.

Абай 170 астам өлең жазды. 56 аударма мен философиялық трактаттар стилінде жазылған 45 «Қара сөздің» авторы. Қара сөздері тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси - әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Бұл шығармаларында этникалық қазақтардың тарихы, педагогикасы, адамгершілігі және заңы мәселелері көтерілген. Абай қазіргі кезде танымал болып табылатын жиырма шақты әуен шығарып, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз.

Айсәуле ЖАЙЛАУХАН,
Қапал ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы.

"МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2025" ұлттық байқауы

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары!

2025 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды. Толық ақпаратты аудандық және қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады.

#Отбасым2025
Ақсу ауданы - 8 (72832) 2-14-12;
Алакөл ауданы - 8 (72833) 2-16-33;
Ескелді ауданы - 8 (72836) 3-19-39;
Қаратал ауданы - 8 (72834) 2-01-23;
Кербұлақ ауданы - 8 (72840) 4-00-39;
Көксу ауданы - 8 (72838) 2-02-47;
Панфилов ауданы - 8 (72831) 5-19-86;
Сарқан ауданы - 8 (72839) 2-18-82;
Талдықорған қаласы - 8 (7282) 24-73-31;
Текелі қаласы - 8 (72835) 4-40-38;

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары, 2025 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды.

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

Конкурсқа мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ, қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

Толық ақпаратты аудандық, қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады.

#Отбасым2025

Су тасқыны дегеніміз – өзендегі судың көтеріліп, қардың еріп, желдің қатты соғуынан өзеннің тасуы немесе сел жүру кезінде кейбір елді - мекендердегі су басуы. Су тасқынының келтіретін зардаптарының қатарына үйлер мен ғимараттардың, көпірлердің қирауын, темір жолдар мен автокөлік жолдарын су шайып, инженерлік желілердегі апат, тұрғындар арасындағы зардап шегушілер мен жан - жануардың қырылуы сынды оқиғаларды жатқызуға болады. Су тасқыны кезінде жұмыс орындары мен пәтерлерде радио желісі тәулік бойы жұмыс атқарып, электро дабыл қаққыз (сирена) дабылы дабыл сигналын беруге дайын тұруға тиісті, себебі, тұрғындар алдын ала хабардар болуы керек. Хабарландыру сигналдары, эвакуация жасау шаралары мен ережелерімен танысып, соған алдын ала дайын болыңыз.

Су тасқыны қауіпі туындаған жағдайдағы іс әрекеттер Төтенше жағдайлар мен іс-әрекет жөніндегі нұсқаулықтар мен ақпараттарды

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ мен ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ

мұқият тыңдаңыз, телефон желісін қажетсіз қолданбаңыз, Сізбен байланысар кезінде желі бос болуы керек. Жасанды және электро дабыл қаққыз іске қосылған кезде қауіпсіз орындарға жиналу. Сабырлық сақтап, көршілерге ескертіңіз, мүгедектерге, балаларға және де егде жастағы адамдарға көмек көрсетіңіз. Құжаттарыңызды, киім, қажет заттарыңызды, бірнеше күнге арналған тамақтар мен дәрі-дәрмектерді дайындаңыз. Барлығын бір шабаданға жинаңыз. Құжаттарды су өткізбейтін пакектерде сақтаңыз. Электрлік тоқтарды тоқ көзінен ажыратып, газды жабыңыз. Бағалы заттарыңыз бен азық-түлік өнімдерін жоғары бөлікке көтеріп қойыңыз, есіктерезені жабыңыз. Көмек келгенше үйдің төбесінде, ағаш басында немесе қауіпсіз

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін - келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата - дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста тұңғыш Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді.

Қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым - қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Соңғы



кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты қадамдар жасалуда.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан - жақты жол ашылған. Келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан - жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген күзиретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Дегенмен, ақын Оразақын Асқардың мына өлең жолдарын ала отырып, «Ана тілінде ата-баба сыры

бар, Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар. Өсе келе құстың тілін білсең де,

Ана тілсіз оның қандай құны бар», - деп қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймасада, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

Өзгенің құлы емес, өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Д.ТАЖИКОВА,
"Ақын Сара" атындағы
мәдениет үйінің әдіскері.

Ғажайып кітап әлемі



атты мақал – мәтелдер айту;

3. «Кітап – алтын қазына» атты сұраққа жауап беру;

4. кезең: «Жұмбақтар сыр шертеді» атты жұмбақтар жасыру;

Осы кезеңдер бойынша оқырмандар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті.

Кітап күніне арналған сайысымызға қатысқан барша оқырмандарға рахмет. Іс - шараның мақсаты - оқырмандардың рухани дүниесін байытып, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру.

Кітап арқылы білімге, ғылымға деген құштарлығын, ой-санасын

толтырып, адамгершіліктің, парасаттың шыңына көтеріп, рухын асқақтатып жатса одан өзге бақыт болмас.

Ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына – кітаппен достығымыз үзілмесін! Әрқашанда жүздеріңіз жарқын, жолдарыңыз даңғыл болсын! Кітап күніне арналған осындай жылы - жылы мерекелерде жүздесе берейік, ағайын!

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының
мүшесі, Б.Сырттанов
ауылдық кітапханашысы.

сан ауылының орталық бөлігіне электро дабыл қаққыш (сирена) орнатылған. Ауыл тұрғындарына оқу-жаттығу тоқсан сайын өткізіледі және халық одан толық хабардар. Арасан ауылында өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Онда штаттық төрт қызметкер жұмыспен қамтылған, контейнер толық құрал-саймандармен жабдықталған. Қызметкерлер тәулік бойы кезекшілік атқарып ауданмен тығыз байланыста отырады. Арасан ауылдық округі әкім аппараты қызметкерлері мен Арасан өрт сөндіру бекеті қызметкерлері арасында тығыз байланыс бар, біздер өзара ай сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізіп, округ аумағын аралап, су өткізгіш құбырлар мен көпірлерді тексеріп, сонымен қатар, қауіпті учаскелердің бар, жоғын қадағалап анализдер жасап отырамыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ержан СЕЙІТҚАЗЫ,
Арасан ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

Арасан ауылдық округіне қарасты Ара-

● БІР ТАҚЫРЫПТА ҮШ МӘСЕЛЕ

Сыбайлас Жемқорлық - қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық, жылдар бойы бар әлем күресіп келе жатқан дерт болып табылады және Қазақстан да әлем бөлшегі ретінде әлемдік тәжірибеге орай бұл ахуалмен күресуде. Кез - келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес - ең өзекті сұрақтардың бірі.

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттің ішінен жоятын жегі құрт. Қоғам жетістіктерін жоққа шығатын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп - қатер әкелетін зиянкес. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - осы зұлымдықпен күресу.

Сыбайлас жемқорлық кез - келген мемлекеттің жүйесін ғана емес, сонымен бірге негізін бұзатын басты факторларының бірі болып табылады. Ал, егер ол күштік құрылымда, оның ішінде мемлекеттік құрылыстың тірегі болып келетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамыр жайса, онда оның салдарының ауқымы туралы айтудың өзі жөнсіз. Иығына погон таққан адамдар мінсіз жүріс - тұрыспен ерекшеленуі тиіс, ал, олардың қатарында сыбайлас жемқорлықтың етек жоюы ұлттық қауіпсіздік пен

қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретіні даусыз.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жұмыстарын үнемі жаңғыртып отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жұмыстарын үнемі жаңғыртып отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл, заңнаманы күшейту және үгіт - насихат жұмыстарын белсенді жүргізу сөзсіз оң нәтиже береді. Сыбайлас жемқорлық туралы заңға жаңа өзгерістер енгізеді. Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жұмыстары заңға сәйкес жүргізіліп жатыр. Әр ай сайын сыбайлас жемқорлыққа қауіп - қатерлерінің талдауын, отырыстарын өткізеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында оны жасауға ықпал ететін жағдайларды жою үшін, әскери бөлімде нақты шаралар қабылданып жұмыстар жүргізілуде.

Д.КИРГАБАКОВ,
Ақсу ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлім
бастығы, майор.



Жемқорлық - мемлекет пен қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Кез - келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып

осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпеп келеді. Сондықтан, кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас

жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Д.ТАЖИКОВА,
"Ақын Сара" атындағы
мәдениет үйінің әдіскері.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін

құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты тездіруге ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні

анық. Жалпы кез - келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны хақ.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз деп есептеймін.

Ержан ЖҮНИСОВ,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің
дыбыс операторы.

● МАМАН КЕҢЕСІ

СКОЛИОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сколиоз - бұл алдыңғы жазықтықта омыртқаның тұрақты қисаюуы, онда бойлық осьтің айналасында бұрылыс болады. Өзгерістер ішкі органдарға да әсер етеді. Олар қысылып, орналасқан жерлерін өзгертеді, бұл кейіннен олардың функционалдығының бұзылуына әкеледі. Балалардағы дене сымбатының бұзылуы қарқынды өсу кезеңінде жиі қалыптасады. Тәуекел санатына 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалар жатады. Осы кезеңде омыртқа қарқынды өседі. Егер бала партада дұрыс отырмаса, спортпен шұғылданбаса, сколиоз өте тез дамиды.

Компьютерлерді, гаджеттерді пайдалану кезінде балалар ұзақ уақыт ыңғайсыз, бүкірейген күйде болуы мүмкін, физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі, үй тапсырмасының және партада отыруды қажет ететін қосымша әрекеттердің үлкен көлемі - мұның бәрі омыртқа бағанына жүктеменің біркелкі бөлінбеуіне ықпал етеді.

Мектепте балалар көбінесе иықтарын төмен түсіріп, жамбастың жартысын көтеріп, жамбастың астына аяғын қойып отырады, қолдарын орындықтың артына қояды, денесін бұрып немесе орындықтың шетінде, үстелден алыс отырады, бұл ретте ұзақ уақыт бойы бүгілген күйде отырып қалады.

Оқушылар күннің көп бөлігін дәптерлер мен кітаптарға еңкейе қарап өткізеді, өйткені, оқу процесі мектепте де, үйде де жалғасады. Саналы ата-аналар қырағылық танытып, баланың арқасы қисайған күйде үй жұмысын орындамауын мұқият қадағалайды.



ЕУРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ

2025 жылғы сәуірдің 27 мен 3 мамыр аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында «Барлығы үшін иммундау - адамның қолынан келеді» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізілді.

Еуропалық иммундау апталығының мақсаты - иммундау арқылы барлық жастағы адамдарды сырқаттанушылықтардан қорғау болып табылады. Еуропалық иммундау апталығының негізгі міндеті - арнайы алдын - алу шаралары арқылы әрбір адамның сырқаттанушылықтан қорғануға қажеттілігі және оған құқығы бары туралы түсінігін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында тұрғындар арасында эпидемиологиялық салауаттылықтың тұрақтылығы тиімді және қауіпсіз вакцинаны үзбей қолданудың көмегімен сақталуда, сондай - ақ, ұзақ жылдар бойы эпидемияның және ауыр түрдегі сырқаттанушылықтардың да алдын алу-

Қазақстанда 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломавирусына (АПВ) қарсы Вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі, вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата - анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды, себебі 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, себебі тұрақты иммунитет қалыптасады. Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді. Жатыр мойны обырының қатерлі ісігінен қорғануы жалғыз түрі бұл - вакцинация.

Жұқпалы аурулар қысқа уақытта көптеген дені сау адамдардың ағзасына ену қабілеттілігімен бұрынғы жүз жылдықта қауіпті болған, бүгінгі күні де аса қауіпті

болып қалуда. Вакцинаның артықшылығы адамда сырқаттанушылыққа бөгет жасайтын тұрақты белсенді жасанды иммунитетті қалыптастырады. Иммундауды тоқтатқан кезде немесе тұрғындарды жеткіліксіз деңгейде екпемен қамтығанда қауіпті жұқпалы аурулар қайта оралып, эпидемия жағдайының туындауы мүмкін.

Осыған орай иммунопрофилактика саласындағы мемлекеттік саясат ең басты алдын алуға бағытталған, ал сырттан жұқпалы ауру енгізілгенде басты мақсат жұқпаның таралуына жол бермеуге және жұқпаны жоюға бағытталады. Вакцинацияның тиімділігі екпені уақытылы және толық алуға тікелей байланысты. Иммундау көрсеткішінің төмендеуі жұқпалы ауруларды қабылдағыш адамдардың көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін, соның нәтижесінде сырқаттанушылықтың бұрқ етпе жағдайлары туындайды. Әр түрлі елдерде вакцинациядан жаппай бас

тартудың нәтижесі эпидемияға әкеліп соқтырды.

Сондықтан біз өздері мен балалары үшін ешбір себепсіз екпеден бас тартқан тұрғындардың ойлануына назар саламыз. Дамыған әлемде балаларды иммундау, қауіпті жұқпалы аурулардан қорғау үшін қомақты қаржы бекер бөлінбейді! Екпелер - бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы. Сіздердің де балаларыңыздың қорғалуға құқығы мен мүмкіндігі бар!

Иммундау апталығы шеңберінде егілусіз қалып жатқан басқа республикалардан, аймақтардан келген, тіркеусіз (оның ішінде саяжайларда), заңсыз тұрақтаған халық топтарын, діни сенімге байланысты екпеден бас тартқан тұрғындарды анықтап жұқпалы сырқаттанушылыққа қарсы жоспарлы иммундауға медициналық ұйымдарға есепке алу шаралары ұйымдастырылды.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық -
эпидемиологиялық бақылау
басқарма басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: Жаңа кезеңдегі маңызды міндем!



Мемлекеттік қызметкерлер көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыруға бағытталған нысандарының бірі.

Суықсай ауылдық әкімшілігінде 6 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. Атап айтқанда «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Елді - мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу», «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету мемлекеттік қызметтері көрсетілуде.

Бүгінгі күнге «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша Ақсу ауданы әкімдігінің «Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жыл басынан бүгінгі күнге дейінгі 2 қызмет көрсетілді.

Бірінші кезең: сұратылып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін анықтау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, жер комиссиясының қорытындысын беру – 12 (он екі) жұмыс күні ішінде.

Екінші кезең: сатып алу-сату не уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын қоса бере отырып, жер учаскесіне құқық беру туралы шешім шығару – бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 12 жұмыс күні.

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 13 жұмыс күні.

«Елді - мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 1 кезең 28 жұмыс күні, 2 кезең 18 жұмыс күні.

«Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 10 жұмыс күні құрайды.

«Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде арнайы электрондық қызмет көрсету бұрышы және ақпараттық стенд жабдықталған. Электрондық қызмет көрсету бұрышында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» (ХҚКО) арқылы алынатын анықтамаларды www.egov.kz

«электрондық үкімет» веб-порталы арқылы цифрлық қол таңбалары бар әрбір ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері жеке бас куәліктің түп нұсқасымен келіп, «Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда. Бүгінгі күнге ауыл тұрғындары «Еgov» бұрышы арқылы жыл басынан 180 анықтама алды. Қосымша электрондық қызмет түрлерін алуға жүгінген азаматтарға қажетті кеңес беретін маман бекітілген, үйрету, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Жоспар бойынша бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету саласында мемлекеттік қызметті электронды түрде алу тәртіптерін насихаттау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

С.АБДРАИМОВА,

«Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман, іс-жүргізушісі.

Хабарландыру!

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Ащыбұлақ» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Мамырхан» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Белтоған-1» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Белтоған-2» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Кантайтоған-1» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

Суықсай ауылдық округінде орналасқан «Мыңжасар» су өткізгіш каналы 12.02.2024 жылдан бос иесіздік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Жағуға болмайды! Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып, жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы»

Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛҢЫЗДАР!

Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктерінен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далада аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет. Ғимараттар мен құрылыстардың,

сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Әрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшекелерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.

- Бақылаусыз қоқыстарды өрте-меңіздер және алау жақпаңыздар.

- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.

- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж

кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.

- Жанған сіріңке мен темекі тұқындарын лақтырмаңыздар.

- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірісүз қалдырмаңыздар. Егер-де Сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алуда. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады.

Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді.

Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шы-

ныны қалдырмаңыз. Басталған өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз.

ЕСКЕРТУ! Дала өрттерін сөндіру кезінде:

- Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз;

- Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртыуды жүргізіңіз;

- Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек.

Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!

СУҒА ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДА САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ ҚАЖЕТ

- ✓ РҰҚСАТБЕЛГІЛЕРІ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА ШОМЫЛҒЫЗ
- ✓ ТІКЖАҒАЛАУЛАРДА ОЙНАМАҢЫЗ
- ✓ ҚҰТҚАРУ КЕУДЕШЕЛЕРІН АШЫҚ СУДА (ҚАЙЫҚТАРДА, САЛДАРДА, БАНАНДАРДА) КИІҢІЗ
- ✓ ҮРЛЕМЕЛІ МАТРАЦТАРМЕН ЖАҒАДАН АЛЫС ЖҮЗБЕҢІЗ
- ✓ ҚАЛҚЫМАЛАРДЫҢ АРТЫНДА ЖҮЗБЕҢІЗ
- ✓ СУДА ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР ОЙНАМАҢЫЗ
- ✓ БЕЙТАНЫС ЖЕРЛЕРГЕ СУҒА ТҮСПЕҢІЗ

Су қателіктерді
қешірмейді!

Осыған орай суға шомылу маусымы кезінде су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен өзендердің, көлдердің жағалауына жібермеу қажет екенін ескертеміз! Алайда, су айдындарына жақын орналасқан тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемей-де, судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орнында да шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет. Шын мәнінде су жағалауларында демалушылардың қауіпсіздігі әрбір отбасы мүшесіне, яғни, демалушылардың өздеріне

байланысты. Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн?

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар;

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып

қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

- Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз;

- Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз;

- Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

СПОРТ. СПОРТ. СПОРТ

Ұлы Жеңіске Жеңісті Сый

Джиу-джитсу қарусыз өзін өзі қорғану өнері. Яғни, бұл - күрес пен өзін өзі қорғаудың әмбебап өнері. Бұл спорт түрі мен қазір барлық мемлекеттерде айналысады, және дәрежесі жоғары спорттық өнердің біріне айналды. Осындай ауыр спорт түрімен Қазақстанда тек ер-



лер емес өсіп келе жатқан жасөспірім қыздарымыз айналасуда. Джиу - джитсу біздің елге кеш келгенімен бұл спорт түрін дамытып, жарыстардан жеңіс алып жатқан жастарымыз өте көп. Атап айтқанда: қарапайым ауылдың қара қызы, жерлесіміз Жақан Аружан спорттың бұл түрінен жеті дүркін Қазақстан чемпионы болса, үш дүркін Әлем чемпионы болды. Жақын арада Ұлттық жекпе - жектен Қазақстан Чемпионатында тағы да жеңіске жетіп,

Әзербайжан республикасының Баку қаласында өтетін Азия чемпионатына жолдама алды. Алғашқы жаттықтырушысы Азат Мұсабаев. Осы спорт түрі Ақсу ауданының, Діңгек ауылында жақсы дамып келе жатыр, Тіпті Әлем чемпионаты бойынша Діңгек ауылында үш жүлдегер бар. Бұның өзі үлкен жетістік. Жалпы, джиу - джитсудің бірнеше түрі бар. Азат Мұсабаевтің шәкірттері комбат деп аталатын жауынгерлік түрімен шұғылданады. Талап

пен тәртіп бәріне ортақ. Талмай жаттығып жүрген шәкірттерінің барлығы бапкер үшін бір - бір чемпион.

Жақында Астана қаласында өткен Қазақстан Чемпионатында Комбат дзю - дзюцу және Джиу - джитсу сайысында үш дүркін Әлем чемпионы атанған батыр қызымыз Аружанның соңынан ерген сіңілісі Жақан Аружан спорттың осы түрінің Грау файт, Косс контакт және

Фуль кантак сайысынан үш рет жеңіске жетіп, Қазақстан чемпионы атанып, Алтын медальмен оралса, Серікқызы Талант өзінің талантын танытып, жоғарыда айтқан сайыстарда түгел жеңіп шығып, Қазақстан чемпионы атанды.

Маранұлы Әлихан Фуль кантак сайысының күміс жүлдегері болса, Рафхатұлы Азат осы доданың қола жүлдесін алды. Самархан Назерке Гару файтты жарысында жақсы өнер көрсетіп қола жүлдегер болып, барлық қатысушылар ауданға Ұлы Жеңістің 80 жылдығына үлкен сый жасады.

Осындай батыр қыздарымыз бен жасындай жігіттеріміз жасай берсін.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЖАҢА КІТАП

Жаңғырық



6 мамыр күні Сағабүйен ауылындағы "Рақым Тәжібаев" атындағы мәдениет үйінде аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен, аталмыш мәдениет үйі қызметкерлерінің демеушілігімен әуесқой ақын, ізденуші Исабеков Қанабек Түктібайұлының "Жаңғырық" атты алғашқы кітабының тұсауы кесілді. Кітап негізі Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған.

Нақтырақ айтсақ, «Жаңғырық» атты бұл кітап бар ғұмырын келешек ұрпақ үшін арнап, сонау 1928 жылдардан бастап, айдау мен қырғынды, ашаршылықты, екінші дүниежүзілік соғысты да бастарынан өткізіп, елдің ел болуы үшін, жеңіс үшін аянбай еңбек етіп, небір зұлымдықты, адамгершілік пен махаббатты бастарынан өткізіп, өмірге деген құштарлығымен кейінгі ұрпаққа



үлгі бола білген ата - анасына және олардың замандастары тыл және соғыс ардагерлерінің рухына тағзым етіп, ескерткіш ретінде жазылған.

Яғни, естелік тарихи - әдеби кітап. Оқиға негізі архив, кітапхана, интернет желісінен және көнекөз қариялардың естелік еңгімелерінен алынған.

Кітаптың тұсаукесер салтанатында ауылдың ақ әжелері шашу шашып, мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін оқып, мәдениет қызметкерлері ән - жырмен көркемдеп жоғары деңгейде өтті.

Кітаптың бауын Сағабүйен ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Дәуітбеков Қанатбек атамыз кесіп, аудандық кітапхана директоры Элмира Дүйсекова, округ әкімі Нұрқуат Демесінұлы т.б. ағайын - туыс, ауылдастары құттықтау сөз сөйлеп, ақынның арқасына шапан жапты.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

"ЖАРНАМА - ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ" облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ



1. Жалпы ережелер

1. «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) байқауға қатысу және жеңімпаздарды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.
2. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын қадағалау.
3. Байқаудың міндеті – облыс аумағындағы масс-медиада жарияланатын квазимемлекеттік сектордың, кәсіпкерлік субъектілердің (шағын, орта және ірі бизнес) жарнама мәтінін әзірлейтін мамандарды, өз өнімдерін жарнамалайтын тауар өндірушілерді және заң талаптарына қайшы орналастырылған жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атсалысып жүрген азаматтарды ынталандыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

4. Байқауды ұйымдастырушы – Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы (бұдан әрі – Басқарма).
5. Байқау жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен өткізіледі.
6. Байқау аясында қоғаммен, квазимемлекеттік сектормен, жергілікті кәсіпкерлік субъектілерімен (шағын, орта және ірі бизнес) байланыс орнатылады.
7. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2025 жылғы 1 мамырға дейін жергілікті атқарушы органдардың (облыс, қала, аудан, ауыл) интернет-ресурсы мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.
8. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Басқарма анықтайды. Қазылар алқасының құрамына үш адамнан тұратын филолог ғалымдар, қоғам белсенділері, журналистер кіреді.
9. Қазылар алқасының мүшелері қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.
Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
10. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

11. Байқауға квазимемлекеттік сектордың, кәсіпкерлік субъектілердің (шағын, орта және ірі бизнес) жарнама мәтінін әзірлейтін мамандар, өз өнімдерін жарнамалайтын тауар өндірушілер және заң талаптарына қайшы орналастырылған жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атсалысып жүрген азаматтар қатыса алады.
12. Байқауға қатысушылар:
1). Ережеге қосымша берілген нысанда Байқауға қатысуға өтінімді;
2). жарнама мәтінін әзірлейтін мамандар 2024 жылдың 1 қазанынан кейін әзірлеген және аударған жарнама мәтіндерінің тізбесін;
3). тауар өндіруші;
- өзі шығаратын барлық тауарлардың толық тізбесін және тізбеге қоса арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалардың (этикеткалардың), таңбаламалардың, нұсқаулықтардың фотосуреттерін;
- ғимаратта немесе тұрғынжайда орналастырылған хабарландырудың, жарнаманың, преysкуранттың, баға көрсеткішінің, ас мәзірінің, нұсқағыштың және басқа да көрнекі ақпараттың фотосуреттерін;
4). азаматтар жарнама мәтіндерінің сауатты жазылуын қадағалап, тіл нормасы бұзылып ресімделген жарнамаларды, деректемелер мен көрнекі ақпаратты және стильдік қатемен берілген аудио/бейнежарнамаларды анықтап, ұсыныс беру арқылы түзетілген жұмыстарды жинақтап, дәлелдейтін құжаттарды (масс-медиадағы жарнамалардың сілтемелері немесе скриншоттары, баннер немесе билбордтағы фотосурет, келісілген жарнама үлгілері, жарнама мәтінінің түзетілгенін растайтын дейін/кейін фотоесеп және тағы басқа құжаттар) жолдауы керек.
13. Байқауға қатысу үшін өтінімдер 2025 жылғы:
- 1 маусымға дейін ауылдық округ әкімдігіне;
- 1 шілдеге дейін аудандық/қалалық әкімдіктің тіл саясатын іске асыратын құрылымдық бөлімшелеріне;
- 28 шілдеге дейін Басқармаға тапсырылуы қажет.
14. Жергілікті атқарушы органдар:
1). Байқауға қатысқан квазимемлекеттік сектордың, кәсіпкерлік субъектілердің (шағын, орта және ірі бизнес) жарнама мәтінін әзірлейтін мамандар, өз өнімдерін жарнамалайтын тауар өндірушілер және заң талаптарына қайшы орналастырылған жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атсалысып жүрген азаматтар арасынан жеңімпаздарды анықтауы;
2). Жоғары тұрған органға жеңімпаз туралы мәліметті 13-тармақта көрсетілген мерзімде ұсынуы;
3). Аудан, қала деңгейіндегі Байқау жеңімпаздары туралы мәліметтерді (қатысушының жеке куәлігі, жұмыс орнынан анықтама) және олардың жұмысын Басқармаға 2025 жылғы 28 шілдеге дейін ұсынуы қажет.

4. Байқау қорытындысы

15. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және Басқарма бекіткен жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.
16. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау өткеннен кейін 2 күн ішінде Басқарманың ресми интернет-ресурсына және әлеуметтік желілердегі парақшаларына орналастырылады.
Байланыс телефондары: 8 (7282) 41-52-36, 8-705-569-96-42.

Айна ЕЛУБАЕВА, Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің жауапты маманы.

Байланыс телефоны: 87755865623.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2827

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90. Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz Индекс: 66750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.